

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті

Тақырыбы: Неміс классикалық
философиясы.

Орындаған: Тоғайбекова А.
Тексерген: Туленова Г.
Мамандығы: Шетел филологиясы
Тобы: В16инфил3

ЖОСПАР:

- Неміс философиясы қысқаша мәлімет.
- Неміс философиясының тарихы.
- Неміс философиясын зерттеушілер.
- ХІХ ғасырдағы неміс философиясы.
- Людбиг Фейербах.
- Қорытынды.

Неміс философиясы. Тарихы.

Неміс философиясы – неміс халқының философиялық білімдер жүйесі. Неміс философиясы дүниежүзілік философиялық ойдың дамуына зор әсер етті. Рухани өмірге терең талдау жасау, тиянақты филос. жүйе құруға бейімділік – неміс ойшылдарының көбіне тән ерекшелік.

Тарихы:

Германиядағы философияның алғашқы түрі ортағасырлық схоластика болды (Х.Мавр, Н.Немецкий, Г.Сен-Викторский). Соңғы схоластиканың көрнекті өкілі алғашқы христиан аристотельшілерінің бірі Ұлы Альберт болды. Дәстүрлі Неміс философиясы мистикамен тығыз байланыста дамыды. Оның алғашқы өкілдері монах әйелдер – Хильдегарда Бингенская (12 ғ.) мен Мехтильда Магдебургская (13 ғ.). И.Экхарт бұл ілімді одан ары дамыта түсті.

Неміс философиясын зерттеушілер.

Неміс философиясын зерттеушілер. Г.Сузо мен И.Таулер (14 ғ.) шығармасында мистика өзінің бұрынғы сипатынан айырыла бастады. Жаратылыс зерттеушісі Н. Кузанский Неміс философиясында ірі тұлға болды. Ол схоластик. философияны гуманистік идеямен ұштастыруға тырысты. Неміс про-тестантизмінің негізін салушы М.Лютердің (1483 – 1546) идеяларын Ф.Меланхтон жүйеге келтірді. 16 – 17 ғ-ларда С.Франк, В.Вейгель, әсіресе Я.Беме (1575 – 1624) мистиканы пантеистік бағытта дамытты. Белгілі дәрігер, философ А.Т. Парацельс (1493 – 1541), математик И.Кеплер еңбектерінде мистик. және натурфилос. идеялар ұштасып отырды. Г.В. Лейбниц философиядағы эмпиризм пен рационализм бағыттарын үйлестіруге тырысты. Неміс идеализмін негіздеп берген Лейбництің идеяларын жүйеге келтіріп, таратқан Х.Вольф (1679 – 1754) еңбектері көптеген жылдар бойы университеттерде философияның негізі есебінде оқылды. Оның шәкірті А.Баум-гартен эстетиканы тұңғыш рет философияның жеке пәні ретінде қарастырды.

18 ғасырдағы неміс ағартушылығының ірі өкілі Г.Э. Лессинг ой еріктілігін, гуманизм идеяларын пантеистік спенозизм тұрғысынан қорғады. И.Г. Гердер тарихшылық идеяларын, әсіресе тіл, көркем өнер, мәдениет дамуын белгілі бір тарихи және ұлттық негізге байланысты түсінуді ұсынды. Ағартушылық философиясы И.Г. Гаманн (1730 – 88), Ф.Г. Якоби (1743 – 1819) және И.Г. Гердердің (1744 – 1803) протестанттық метафизикасында көрініс тапты. Неміс классикалық философиясының негізін қалаушы И. Кант философиясы 19 ғасырдың бас кезінде Лейбниц-вольфтік рационализмді ығыстырып, Германияда мемлекеттік философияға айналды. Канттың тікелей ізбасары К. Л. Рейнольд (1758 – 1823), С.Маймон, И.С. Бек, Я.Ф. Фриз болды. Кант идеяларын И.Г. Шеллинг одан әрі дамытты. И.Г. Фихте “Тәжірибелік ақылға сынды” негізге алып, этиканы өзінің философия жүйесіне арқау етсе, Шеллинг Канттың дуализмінен шығу жолын эстетика төңірегінен іздестірді. Фихте, Шиллер, Шеллинг мәдениетке тарихи тұрғыдан қараудың негізін қалады. Фихте қарама-қайшылықты философиялық жүйе құрудың негізгі принципі етіп алды. Шеллинг өзінің натурфилософиясында Фихтенің субъективті-идеалистік диалектикасын объективті-идеалистік диалектикаға өзгертіп қалыптастырды. Г.В. Гегель абсолютті-субъективті субстанция жөніндегі ілім арқылы Кант дуализмін жеңуге тырысты. Сөйтіп, Гегель философияны қайтадан рационализм саласына түсіріп, жаңа диалект. сипат берді. Гегель және оның мектебімен қатар Неміс философиясының дамуында И.Ф. Гербарттың педагогикасы мен психологиясы, Б. Больцаноның логикасы мен Ф.Э. Бенеканың психологиясы маңызды рөл атқарды.

XIX ғ. Неміс философиясы өкілдері.

19-ғасырдағы Неміс философиясы. Фридрих Ницше 19 ғасырдың 30-жылдары неміс идеализмінің рационалистік философиясына, әсіресе Гегельдің панлогизміне екі түрлі бағыт: иррационалистік (Шеллинг және А.Шопенгауэр) және материалистік (Л.Фейербах) бағыттар қарсы шықты. Шопенгауэр философиясында дүниенің негізі иррационалды санасыз ерік деп танылды. Бұл ілім кейіннен Ф.Ницшеге және Г.Э. Гартманға зор әсерін тигізді. Л.Фейербах неміс классик. философиясының идеалистік сипатын антропологиялық материализм тұрғысынан сынға алып, идеалистік философияның дінмен байланысын ашып көрсетті. 19 ғасырдың 40-жылдарында Германияда марксизм пайда болды. Оның негізгі идеялық тұжырымдамасы В.Либкнехт, А.Бebelь, Ф.Меринг, тағы басқа еңбектерінде негізделді. Марксизм ілімі философияны сын тұрғысынан қайта қарап, оның дүниені түсіндіруші ғана емес, өзгертуші күш екендігін көрсетуге тырысты. Оның негізін салушылар: К.Маркс пен Ф.Энгельс өз еңбектерінде дүниеге көзқарастың негізгі принциптерін тұжырымдап, марксизм теориясының негізі қаланды. 19 ғасырында шенінде Неміс философиясында жаратылыстанудың өрістеуіне байланысты позитивизм бағыты орын ала бастады. Түрлі ғылым салалары – физика, биология, психологияға сүйенген мектептер мен бағыттар пайда болды. 80 – 90 жылдарда жаңа кантшылдықтың марбург және баден мектептері қалыптасты.

Класикалық неміс философиясының ұлы өкілдерінің бірі – Людвик Фейербах (1804 – 1872ж). Фейербах 1823ж Гегельдер университетіне түсіп оқуын Берлин университетінде түсіп оқуын Берлин университетінде жалғастырды осы кезде ол Гегельдің лекцияларын таңдаған 1830ж Лаққап атпен “Өлім және мәңгілік” туралы ойларын жариялаған, мұнда ол Гегельдік философияның тұрғысынан мәңгілікті жоққа шығару Фейербахтың ойынша адамның мәні оның денелік жандық біртұтастығында тек теорияда ғана рухпен денінің бөлек қарастыруға болады. Ал шын мәнінде олар ажырамас бірлікте болады әрі рух ойлау денеге тәуелді қасиеттер сөйтіп Фейербах философияның негізгі мәселесін материалистік тұрғыдан шешеді. Табиғат пен адам міне жаңа философияны зерттейтін пәні дейді Фейербах.

Людвиг Фейербах

Людвиг Фейербах – классикалық неміс философиясының соңғы өкілі. Германиядағы жүз жылға созылған идеалистік, діни көзқарастың түндігін батыл сыпырып тастап, өзінің ашықтан – ашық материалистік деп жариялады. Оның басты еңбектері: “Христиандықтың мәні”, “Болашақ философиясының негізгі қағидалары”, т.б. Ол дүниенің материядан тұратынын мойындап, табиғаттың санадан тыс, оған бағынышсыз екенін дәлелдеді. Ол рух пен дене арасының алшақтығын жойды. Фейербах болмысты – бастаушы, сананы баяндаушы деп қарады. Табиғат денелерден, материядан, сезімдіктен тұрады, деп жазды Фейербах. Табиғат мәңгі және шексіз. Сана – саның тек көшірмесі, ал психолог – идеалист сол көшірмені түпнұсқа ретінде түсіндіреді, — деп түсіндірді Фейербах. Бірақ ол антропологиялық материализмді қуаттады. Өйткені, ол барлық материализмді тұрпайы материализм деп түсінді. Сондықтан өзін одан аулақ ұстамақ болды. “Шындық – идеализмде емес, материализмде емес, шындық тек антропология”, — деп жазды Фейербах. Бірақ ол өзінің антропологиялық материализмінің нағыз метафизикалық материализм екенін байқамады. Таным сезімнен басталады, — деп уағыздады Л. Фейербах. Шындықтың дәйегі – оның іштен туған санаға сай келуі деп түсінді. Бұл оның идеализмге жасаған кешірімі болатын. Л. Фейербах Гегельдің идеализмін орынды сынап отырып, оның диалектикасының мәнін түсінбей, оны теріске шығарды.



Фридрих Ницше



Людвиг Фейербах
1804 — 1872

Қорытынды

Философия — адамзат баласының сонау ықылым заманнан басталған білімі, қоғамдық сананың формасы, болмыс пен танымның жалпы заңдылықтары туралы ілім. Кез-келген адамды әлем, қоршаған орта, қоғам, дін, діл, білім, саясат, мәдениет секілді мәселелер бей-жай қалдырмайтыны айдан анық. Міне, осы іспеттес мәселелер философия пәнінің негізгі қарастыратын бөлімдері болып табылады. Философия сөзі грек тілінен аударғанда - даналыққа деген махаббат мағынасын білдіреді. Б.з.д. 7-6 ғ.ғ. Ежелгі Үндістан, Қытай және Грекия жерлерінде бір уақытта пайда болады. Мәліметтерге сүйенсек, «философия» терминін алғаш қолданған Антика дәуірінің атақты пәлсапашысы (философы) және математигі Пифагор.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!